

Бекітемін:

Мектеп директоры

И.М.Толегенов



Түркістан облысының білім басқармасының
Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты
«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылындағы
«Педагогикалық әдеп және этика»
іс-шара жоспары

2023–2024 оқу жылы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сариева Бибаһажар Әлішерқызы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 79) тармақшасына сәйкес, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына негізінде БҰЫРАМЫН. Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.07.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:
- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Педагогикалық әдеп қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кенестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары бекітілген.
2. "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13038 болып тіркелген, 2017 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі стандрдтық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3-ші департаменті (Н.Ә. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамаасында белгіленген тәртіппен:
- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Қариноваға жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Педагогикалық әдеп қағидалары

1-тар. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидалары мен нормаларына негізделген.
- Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.07.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидалары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.
3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білімі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.
4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.
5. Педагогке қатысты талаптар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2-тар. Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары

- 1) адалдық:
- 2) адалдық: педагогтің адалдығы оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құран білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзбауға тыйым салады;
- 3) жеке тұлғаның абыройын және кәдір-қасиетін құрметтеу: педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен кәдір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған арқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді.
- Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдік және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;
- 4) патриотизм: педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.
- 5) жалпы адам қандылықтарды құрметтеу және төзімділік: Педагог жалпы адам қандылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және кәдір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен кадр-касиетін құрметтеуге

Іріледі;
Педагогтің толерантылығы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына келерті Қандай да бір нысанда өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін теориялық және әдістемелік жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға жардем көрсетеді, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;
7) үздіксіз кәсіби даму;
педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

3-тау. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

7. Педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта:
1) педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сақтайды;
2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухына, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
3) білім алушыларға Отанына - Қазақстан Республикасына құрметпен қарауды үйретеді, патриотизм рухын ұялатады;
4) Қазақстан Республикасы педагогтің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
5) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды;
6) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;

7) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;
8) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шынышыл, адал және әділ мінез- құлқымен үлгі болады;
10) қызметтік акпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
11) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
12) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісін ұстанады;
13) педагог мәртебесін пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдаланудан аулақ болады;
14) өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін мүлтіксіз сақтайды, соның ішінде академиялық оптада адалдық пен өзара сыйластық қалыптастыратын негізгі институтоналық құндылық ретінде академиялық

адалдықты қамтамасыз етеді, педагогтің академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәсілдер ретінде өзінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құрмет көрсету, білім беру процесіне қатысушыларды академиялық адалдықтың жоғары стандарттарын алға жылжытуға және қорғауға ынталандыру және көтермелеу, педагогтің пәнінің нақты саясатын, білім алушылардан күтілетін талаптарды анықтауы, білім алушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ету және олардың академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін перменді шаралар қабылдау, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық әділетсіздік танытуға мүмкіндік бермейтін академиялық опта құру;
15) материалдарды БАҚ-та, оның ішінде интернет-бағылымдарда жариялайды, жеке тұлға ретінде өз атынан ғана көпшілік алдында сөйлейді, бұл ретте педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмей, пікірталасты дұрыс түрде жүргізуді қамтамасыз етеді, мемлекеттің лауазымды тұлғаларының атына сындарлы емес сыннан және әдепсіз пікірден тартынады, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік акпаратты ашпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмейді;
16) білім беру ұйымының атынан бұқаралық сөз сөйлеулер, БАҚ жарияланымдары осы ұйымның басшысымен келісіледі;
17) әлеуметтік желілерде тексерілмеген және (немесе) дәйексіз және (немесе) әдепсіз акпаратты таратпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағын нығайтуға ықпал етеді;
18) білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға ықпал етеді;
19) білім алушы мен тәрбиеленушінің жетістіктерінің (жетістікке жетпейтінін), оның әлеуметтік жағдайының, ата-анасының (занды өкілдерінің) жұмыс орнының құпиялылығын қамтамасыз етеді және бұл мәліметтер кемелетке толмаған білім алушы мен тәрбиеленушінің жазба келісімімен ғана жария етіледі.

8. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагогтер:
1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен кадр-касиетін құрметтейді;
2) білім беру процесіне қатысушыларға есімін атап, құрметті және мәдени түрде, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып жүгінеді, білім беру процесіне қатысушылардың аты-жөнін жазуда және айтуда ерікті түрде бұрмау фактілеріне жол бермейді;

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары

1-тарар. Жалпы ережелер

3) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестерінің тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесуге күш салады;

4) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, отан сабырлылықпен қарайды, өзінің қасиеті қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

5) білім беру процесінің қатысушыларына қасиет қолдау көрсетеді;

6) педагогикалық әдептің бұзылуына шағым жасаған адамдарды кемсітпейді.

9. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагогтер:

1) жатты қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын, сынайылық пен биязылықты сақтайды;

2) басқа педагогтің қасиеті біліктілігіне көпшілік алдында күймен келтірмейді;

3) дәйексіз және дәлелсіз шағымдардан бас тартып, педагогикалық әдістің бұзылғанына шағым жасаған адамға қарсы жауап шараларын қабылдамайды.

10. Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

11. Педагогикалық әдепті сақтау мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының тиісті Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестері жүзеге асырады.

2-тарай. Кенестін негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

3. Кенестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- 2) білім беру ұйымы ұжымының азаматкершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- 3) педагогтардың жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарай үшін қажетті және жеткілікті ман-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- 4) педагогикалық әдепті бұзғға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарай және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

4. Кенес өз кырынан төмөнкүлөр мен капаратын маселелерге карысы бар тугуналарды тындалы;

1) өз отырыстарында педаротер мен капаратын маселелерге карысы бар тугуналарды тындалы;

2) бүтүм берү кыймылынын алымында тугуна миндеттерди орындай ушун кажетти кужаттарды, материяларды және акнапатты сугурады;

акнапатты сугурады;

тыңиңкөмөслөр тапкан етеди;
4) педагогикалык агентти бузу фактилерине тексерип жүргүзү туралы билим берүү уйымынын басшысына усыныстар
енгизеди;
5) билим берүү уйымынын басшысына енбек тартыбін ныгайтуу, педагогикалык агенттин бузылуынын алдын алуу

6) 6) bilim beru uyymy bashysynyn karayyna pedagogikalık adetti buzgany ushin jayapkerшилik turaly boyynsha usynystar entizedi;

7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қабылдаймын деп шешті және оған қажетті құжаттарды жасауға жауапкершіліктің қадағалауына берді.

8) Тапталарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

3-тарар. Кенес кызметін ұйымдастыру

5. Кенестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.
6. Кенес төрағадан, хатшыдан және Кенестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кенес мүшелерінің саны так болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кенес хатшысының есептемегенде).

7. Кенеске келесі туғандар кіреді:

1) білім басқармасының (бөлімдерінің) өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын қасиеттердің және (немесе) үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;

2) кемінде екі педагог;
3) құрметті демалысқа шыққан педагог.

онын мүшелері петінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналдың қызметкерлеріне жол берілмейді.

8. Кеңес құрамына:

- 1) сот әрекетке қабылдетсіз немесе әрекет қабылдеті шектеулі деп таныған;
- 2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылған;
- 3) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік тәртіп қылығы үшін жұмыстан босатылған;
- 4) бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
- 5) азаматтың қатарынан үш және одан да көп саят ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен тәртіп себептер бойынша босатылған адамдар кірмейді.
9. Кеңес білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде сайланады.
10. Білім беру ұйымының басшысы:
- 1) Кеңесті қалыптастыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) Кеңесті уақыты сайлау үшін қажетті рәсімдерді өткізуді қамтамасыз етеді;
- 3) Кеңес жұмысына жағдай жасайды және жәрдем көрсетеді.
11. Кеңес құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.
12. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.
13. Кеңес хатшысы Кеңестің дауыс беруіне және Кеңес отырысына шығарылатын мәселелерді талқылауға қатыспайды.
- Кеңес хатшысы Кеңестің іс қарауларын жүргізуді қамтамасыз ететін тұлға болып табылады: мүшелер мен шақырылған адамдарды Кеңес отырысының өткізілетін күні мен орны туралы хабарлар ету, Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын жасау, хаттама жүргізу және оны сақтау, отініштер мен ұсыныстарды қабылдау, сондай-ақ Кеңестің атына келіп түсетін хаттарды тіркеу.
- Кеңес хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалу мониторингін қамтамасыз етеді және олардың нәтижелері туралы Кеңес мүшелеріне жеткізеді.
14. Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарын шақырады және күн тәртібін белгілейді.
- Кеңестің мүшелері:
- 1) отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 2) Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;
- 3) Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.
- Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағаның шешімі бойынша және (немесе) білім беру ұйымы басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірнен астамының бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.
15. Педагогикалық агентті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:
- 1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
- 2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- 4) шешімді жазбаша түрде алуға;
- 5) қабылданған шешімде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шатым жасауға құқығы бар.
16. Кеңес мүшесінің қызметі осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ Кеңес мүшесі қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.
17. Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:
- 1) уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда, Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған;
- 2) Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген;
- 3) педагогке қатысты талқылау мәліметтері оның жазбаша келісімінсіз жария етілген;
- 4) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген;
- 5) осы қағидалардың 19-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда шығарылуы мүмкін.
18. Кеңес отырысы:
- 1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады;
- 2) жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес, сондай-ақ өтініштер мен шағымдардың түсуіне қарай өткізіледі;
- 3) Кеңестің күн тәртібі мен күні туралы қызметкерлерді, сондай-ақ мүдделі тұлғаларды Кеңес хатшысы оны өткізгенге дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабарлар етеді.
- Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.
19. Кеңес мүшесі, егер ол не онымен бірге тұратын жакын туыстары өзін қатысты іс қаралатын адаммен туыстық қатынастармен байланысты болса, не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, іс бойынша талқылауға және дауыс беруға қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша талқыланғанға және Кеңес дауыс бергенге дейін осы мән-жайлар туралы Кеңес мүшелеріне хабарлайды.
20. Кеңес отырысқа қатысып отыратын Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.
21. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін атқарады.

22. Кенес отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кенестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Кенес отырысының хаттамасы - Кенес отырысының барысын және онда қабылданған ұсыныстарды көрсететін ресми жазбаша құжат. Хаттама білім беру ұйымында сақталуы тиіс және білім беру ұйымының істер нормативтік актілеріне сәйкес жазбаша құжат. Хаттама білім беру ұйымында сақталуы тиіс және білім беру ұйымының істер нормативтік актілеріне сәйкес жазбаша құжат. Хаттама білім беру ұйымында сақталуы тиіс және білім беру ұйымының істер нормативтік актілеріне сәйкес жазбаша құжат.

23. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші келіп түскен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Кенесте қаралады.

Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші келіп түскен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Кенесте қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

Оны қараудың қорытындылары туралы өтініш берушіге отырыстың өзінде не оны Кенестің хатшысы қарау қорытындылары бойынша дереу хабарлауы тиіс.

24. Педагогке қатысты істі қарау:

1) енбекке уақытша жарамсыздық;

2) демалыста немесе іссапарда болған;

3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;

4) даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

25. Хатшы жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кенес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабарлау жөнінде шараар қабылдайды.

Кенес отырысында істі қарау, егер жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кенес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілетінге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса, олардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

26. Осы Қағидаларда тиісті хабарлау деп адамды хатпен, тапсырыс хатпен немесе жеделхат арқылы хабарлау ету танылады, ол өзіне немесе онымен бірге тұратын кемелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолхат арқылы не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып тапсырылады.

27. Отырыста педагогтің жауапкершілігі мәселесін қарау кезінде Кенес мына мәселелерді шешеді:

1) педагогтің жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

2) бұл іс-әрекет (әрекетсіздік) әдепті бұзу болып табылады ма;

3) бұл әдепті бұзу педагог тарапынан жасалды ма;

4) педагогтің осы бұзушылықты жасауда кінәсі бар ма.

28. Істі қарау қорытындылары бойынша Кенес білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсынады.

29. Кенестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

30. Білім беру ұйымының басшысы Кенестің ұсынымын қарау кезінде енбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

31. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

Кенес хатшысы өтініш берушіге оның өтінішін заңнамада белгіленген мерзімде қарау нәтижелерін жазбаша хабарлайды.

Бұл ретте, өтініш берушіні "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4-тармағының және осы Қағидалардың 31-тармағының талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабарлау етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
“ЖАНА ҰЙЫМ”
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП”
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
“ЖАНА ҰЙЫМ”
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП”
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

161108 Төлеби ауданы, Жан-Ұйым, тел: 8/72547/6-13-18
БСН: 020240003341 E-mail: zhanauim.kz@mail.ru

161108, Төлеби ауданы, Жан-Ұйым, село Жана-Ұйым, тел: 8/72547/6-13-18
БСН: 020240003341 E-mail: zhanauim.kz@mail.ru

29.08.23 № 63-1

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы»
2023 жылдың 14-шілдегі №19 Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы "Педагог
мәртебесі туралы" және 2023 жылғы тамыздағы педагогикалық
кеңесінің хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төмендегі құрам бойынша құрылсын ;
- Наурызбаев Ұбайдулла - ардагер ұстаз ;
 - Құрапова С.Е - қазақ тілі пәні мұғалімі ;
 - Жұнісбекова Ж.С – Көркемсурет пәні мұғалімі ;

2. 2023 жылғы тамыздағы педагогикалық кеңесінің шешімімен Кеңес төрайымы
қызметі Т.С. Атабеков, кеңес хатшы қызметі Е.К. Бектұров жүктелсін.
3. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері өз өкілеттілігін өтеусіз негізінде 2023 жылдан 2026
жылға дейін жүзеге асырсын ;

Бұйрықтың орындалуын бақылау кәсіподақ комитетінің төрағасы Атабеков Талымжан
Сайлаубековпен жүктелсін.

Мектеп директоры:
И.М.Толтегов



Бекітемін
Мектеп директоры
И.М.Толтегов

Педагогикалық әдеп бойынша кеңес жұмысының жоспары

- ЖАЛПЫ МАҚСАТТАР:**
- Мекеннің әкімшілік, педагогикалық және әкімшілік – көмекші қызметкерлері үшін моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауды үйрету және мониторингін.

МІНДЕТТЕР:

1. Жылға табысты еңізу үшін жанадан келген мұғалімдер мен жас мамандар үшін қолайлы жағдай жасау.
2. Шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету.
3. Білім сапасын жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлердің ата-аналармен, қамқоршылармен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен кәсіби өзара қарым-қатынастарын реттеу.

Р/с	Мазмұн	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережелі қарай және бекіту 2. Мұғалімнің өзін қасиеті міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Тамыз 2023 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2 Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3 Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қараша 2023	Хаттама
3	«Педагог дауысы» ашық брефинг кездесу	Қаңтар 2024	Хаттама, кездесу анықтамасы
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагогтардың құқықтары 2 Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3 Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Наурыз 2020	Хаттама
5	«Құқықтық сауаттылық» күні	Сәуір 2020	Анықтама
6	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагог бейнесі 2 Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Мамыр	Хаттама

күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кенесі құру туралы ережені қарау және бекіту/кенес төрағасы: Атабеков Т.С
2. Мұғалімнің өзінің қасиеті міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/кенес мүшесі: Маунов К.Ж/
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кенес мүшесі / Сариева Б.Ә
4. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенес төрағасы Атабеков Т.С өз алды:

Кайырылы күн бүтінгі педагогикалык адеп кенесінің отырысына катысушылар.

Педагогикалық этика және Кенесі құру тұрағы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әлеп жөніндегі кенес білім беру ұйымдарында педагогтердің

педогогикалық әдепті сақтауы мәселесін қапатын шындық еркіндік пен алуаттық және объективтік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу

кафедратарын басшылыкка алады.

Көпестін негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық агентті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық агентті өзгұта ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарай үшін қажетті және

жетекшілікті мен-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әлеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындай бойынша тиісті шаралар қабылданаған жағдайда ғылымдағы жауапкершілігін қарай тұрағы ұсыныстармен қызыресті мемлекеттік органдарға немесе жағдайдағы ғылымдағы тұрағы, білім беру ұйымының

құрылтайшыларына жүгініуге құқылы.

Кенес отырысы: егер оған Кенес мүшесінің жаты санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ токсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кенес

мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кенестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарай кіреді. Тәртіптік істерді қарай қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды

Ұсынылу; тәртіптік істі тоқтату.

ҚҰБЫҢ; ТЕРМІНІК ІСТІ ТҰҚАҢ;
ҚҰН ТАРТІБІНДЕГІ ЕКІНШІ МАСЕЛЕ БОЙЫНША КЕНЕС МҮШЕСІ САГЫНДЫКОВА Э /тарих пәні

MYFATIMI/

Мұғалим: Мұғалим өзінің қасиеті міндеттерін орындай кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудары керек. Әр оқышыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол — ұстаз. «Іләкірттің жақсы болмағы — ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқышыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқышылар мұғалимнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киімініңдегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоныр түстерді де қолдануға болады. Оты ашық түстер атауған сағала ерсі көрінеді. Мұғалимнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау/ кеңес мүшесі У.Наурызбай ардагер ұстаз /

2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі Сариева Б.Ө /
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес төрағасы: Ағабеков Т.С

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, ардагер

ұстаз У.Наурызбай:

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрісіздер, бейдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің қасиеті назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, отан арқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Сариева

Б.Ө:

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүргеніне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жасағанды жасақтан сана қарады*. “Педагогикалық әдебі нашар” қайрымдылығы нашар, сытайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деуген бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарапайымдылыққа тукыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы арқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтарып бағыттаған үркітулері, жазалаулары, ақылтөйілігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кенейтілі, сая, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араса алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тындамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп қиналауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретінде әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика тандай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Ағабеков Т.С:

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемелен хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тіпте байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керекті тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтың жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру — болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алмасу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан төрі теренірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзыреттілікті меңгерту — болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы қатынастағы сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кенес шешімі:

- 1/ Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
- 2/ Мұғалімнің педагогикалық әдебін сақтауда мұғалімнің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.

3/ Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кенес төрағасы:

Хатшы:

Т.С.Арабеков
Е.К.Бектуров